Осы тұрғыдан алғанда, көпмәдениеттілік контекстінде тек «толеранттылық» категориясы қарастырылуы тиіс, «төзімділік» ұғымы емес. Толеранттылық – барлық этникалық және әлеуметтік топтардың тең құқылы және тең дәрежеде екенін мойындау, бір қоғам құрай отырып, өз этникалық құндылықтарын сақтау және басқа этникалық мәдениеттер өкілдерімен мәдениетаралық диалогқа түсу қабілеті.

Айта кететін жайт: толеранттылық мәселесіне психология ғылымы аса назар аударады. В. Н. Петровтың пікірінше, бір жағынан, толеранттылық – бұл тұрақты, тіпті туа біткен қасиет, ал екінші жағынан, ол психологиялық түзету арқылы, ұстанымдарды өзгерту арқылы жетілдірілуі мүмкін [5, б.86].

Толеранттылық — абстрактілі ұғым, оны ғылыми әдістермен бақылау және өлшеу қиын. Психологиялық тұрғыдан адамның толеранттылық деңгейі тұлғалық қасиеттерімен де байланысты. Психологтар Г.У. Солдатова, Л.А. Шайгерова, О.Д. Шарова толерантты тұлғалардың ортақ психологиялық портретін жасау барысында келесідей қасиеттерін белгіледі:

-тең құқылық;

-топ мүшелерінің бір-бірін сыйлауы;

-түрлі этно, әлеуметтік топтар мүшелеріне мейірімділік таныту, түсінушілік білдіру;

-қоғамның барлық мүшелерінің саяси өмірге тең қатысу мүмкіндігі;

-басқалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін бұзбай дін бостандығы;

-ортақ мәселелерді шешуде ынтымақтастық пен ізгілі.

Психологтардың пікірінше, аталған қасиеттер адам бойында сақталған жағдайда қоғамның толеранттылыққа қатысты мәселесі шешілер еді. Ғалымдар толеранттылықтың құрамдас бөліктері ретінде эмпатия, сенім, қиял, жанашырлық, сезім және қамқорлықты бөліп көрсетеді, оларды дамыту арқылы

тұлғада толеранттылықты қалыптастыруға болады. Толеранттылық – бұл тұлғалық қасиет. Сондықтан оның формуласы келесідей:

Түсіністік + ЫнтымақтастықҚ + Серіктестік рухы

яғни өзін және басқаларды оң көзқараспен қабылдау толеранттылықтың ең маңызды элементі болып табылады [7, бет 9-10].

Сондай-ақ Г.У. Солдатова толеранттылықтың қарама-қарсы ұғымы – интолеранттылық екенін атап өтеді. Ол қорлау, елемеу, этноцентризм, нәсілшілдік, ксенофобия (этнофобия), ұлтшылдық, империализм, сегрегация, репрессия секілді көріністерде байқалады [7, бет 11]. Интолеранттылық қарапайым әдепсіздік, ашуланшақтық және басқаларға мәдени немқұрайлылық танытудан басталып, этникалық тазалау және геноцидке дейін созылуы ықтимал. Интолеранттылық ауыр қылмыстарға әкеледі. Б.С. Гершунский мәдениеттер арасындағы қарама-қайшылық нәтижелері геноцид, ассимиляция, сегрегация және интеграция сияқты құбылыстарды болдыратынын баяндайды.

Психологиялық тұрғыдан геноцид – бөтен өмір салтына шектен асқан интолеранттылықтың көрінісі, ол «Біз» образына сенімсіздік пен соның салдарынан басқаларға деген өшпенділік пен агрессияға негізделеді.

Ассимиляция – бір мәдениеттің басқа мәдениетті өзіне сіңіру процесі, мұнда этникалық топ ерікті немесе мәжбүрлі түрде үстем топтың әдет-ғұрыптары мен құндылықтарын қабылдайды.

Сегрегация – этникалық топтардың бөлініп, автономды өмір сүруі мен дамуы. Бұл жағдайда топтар өздерін басқа мәдениеттерден қашық ұстап, «Біз» деген позитивті бейнені сақтауға тырысады.

Интеграция – мәдениеттердің өзара әрекеттесудің оңтайлы түрі, мұнда этникалық топтар басқа өмір салтын қабылдап, этно-мәдени плюрализмнің жақсы жақтарын көреді. Б.С. Гершунский атап өткендей, интеграция өзара толеранттылықты қолдауы тиіс [3].

Сондықтан интолеранттылық – білімсіздік, кең көзқарастың жоқтығы және жаман мінездің нәтижесі. Жастардың осындай көзқарасы тұрақты жанжалдарға алып келеді, олар қоршаған ортаның алуан түрлілігін қабылдамайды. Жастар арасындағы жанжалдар себептері әртүрлі болуы мүмкін, соның ішінде бізді қызықтыратыны білім алушылардың мәдени құндылықтарға қарама-қайшы пікірлері.

Толеранттылық педагогикасы идеясының авторы В. А. Тишковтың тұжырымдауынша, толерантты тұлғаны қалыптастыруда білім беру және мәдени саясатқа аса назар аударылуы тиіс. Ол өзінің еңбектерінде білім беру жүйесінің мазмұнына әлемдегі жауыздық пен мәдениеттердің алуандылығына төзбеушіліктің көрінісі ретінде тарихи экскурстардың маңыздылығын ашады: білім алушылар геноцидтердің, этникалық қақтығыстардың, діни соғыстар мен сегрегациялардың тарихы мен географиясын білуі тиіс. Алайда, осы озбыр тарихи көріністерді тым асырып жіберіп, өз халқын ғана құрбан ретінде көрсетуге жол берілмеуі қажет. Мұндай біржақты көзқарас интолеранттылықты, жауыздықты тудырады, сондай-ақ мәдениаралық қарым-қатынастарды шектейді [8]. В.А. Тишковтың идеясын қолдап, Б.С. Гершунский толеранттылық

мәдениетін білім беру саласында белсенді және мақсатты түрде қалыптасатынын белгілейді [3], ал Н.У. Ярычев көпмәдениетті білім беру ортасында толеранттылықты қалыптастырудың тиімді жағдай орнауы туралы ғылыми ойларын білдіреді [10].

Аталып өткен зерттеушілердің теориялық көзқарастарында ортақ нәрсе – білім беру ортасында толеранттылықты қалыптастыруда формальды талаптарды орындаудан бас тартып, білім алушылардың арасындағы ұлтаралық қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен толеранттылық қағидаларына негізделген, мәдениаралық диалогқа бағдарланған саналы мінез-құлықты дамыту жұмыстарының іске асуын қамтамасыз ету қажет. Толеранттылық оқыту мен тәрбиелеу процесінде, жеке өмірлік тәжірибе негізінде қалыптасады.

Жастық шақ толеранттылықты тәрбиелеудің тиімді кезеңі, өйткені бұл кезде тұлғаның қызмет стилі, дүниетанымы, өзіндік сана-сезімі және «Мен» образын қалыптастыру қарқынды жүреді [9].

Диалог, «ми шабуылы», пікірталас, жағдайлық және проблемалық тапсырмаларды шешу, кейс-стади, рөлдік және іскерлік ойындар, жобаны әзірлеу сияқты педагогикалық технологиялар арқылы толеранттылықты дамытуға болады. Бұл әдістер өз тиімділігін дәлелдеген және педагогикада мойындалған. Диалог – субъектілі-мақсатты қарым-қатынас жағдайында өзін және қоршаған ортаны тану әдісі [1, б. 20]. Сондай-ақ, пікірталас пен «ми шабуылы» диалогтық қарым-қатынас әдістерінің негізін құрайды, олар шындықты іздеу процесінде коммуникативтік және пікірталастық мәдениетті дамытады. Іскерлік және рөлдік ойындар коммуникативтік қабілеттерді, толеранттылықты, топта жұмыс істеу шеберлігін, тәуелсіз ойлауды қалыптастырады, өйткені ойын барысында қатысушылардың қарама-қайшы мүдделері бар әр түрлі жағдайлар ұсынылады және ойын соңында бүкіл топ үшін бір шешім қабылдау қажет болады. Сондықтан бұл жағдайда оқытушылар — педагогикалық мәдениеттің тасымалдаушылары ретінде білім беру үдерісін жеделдетудің маңызды тетігі.

Жобаны әзірлеу педагогикалық әдісі қатысушыларға аудиториядан тыс ойлануға және қарастырылып отырған мәселе бойынша өз әрекет жобасын құруға мүмкіндік береді. Қатысушы жеке немесе топпен жобасын қорғап, өз артықшылығын дәлелдей отырып, басқалардың пікірін білу мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, поликультуралық толеранттылықты қалыптастыру барысында шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру, түрлі акциялар мен кампаниялар өткізу сияқты жұмыс түрлерін қолдануға болады. Білім алушылармен жұмыс формалары әртүрлі болуы мүмкін. Кәсіби білім беру қоғамдағы мәселелерді толық шешуге қауқарлы болмаса да, ол толеранттылық пен мәдени алуандылықтың дамуына үлес қоса алады. Халықаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту үшін позитивті эмоционалдық жақындасу жағдайын жасау қажет, ол үшін көпмәдениетті білім беру ортасы құрған жөн.

Қорытынды. Қазіргі жаһандану және көпмәдениетті қоғам жағдайында білім алушылардың толеранттылық мәдениетін қалыптастыру – уақыт талабы

ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі. Толеранттылықтың мәні төзімділік шеңберімен шектелмей, өзгелердің құндылықтарын, көзқарасын, мәдениетін түсіне білуге, өзара құрмет пен мәдени диалог орнатуға негізделеді. Бұл ұғым әртүрлі ғылымдар контекстінде қарастырылып, оның әмбебап әрі қоғамды біріктіруші сипатқа ие екенін көрсетеді.

Жастардың тұлғалық даму кезеңінде толеранттылықты тәрбиелеу ерекше маңызға ие, өйткені дәл осы шақта олардың дүниетанымы, «Мен» тұжырымдамасы және өмірлік ұстанымдары қалыптасады. Зерттеушілердің пікірінше, толерантты тұлғаның негізгі сипаттары – тең құқылықты мойындау, эмпатия, түсіністік, сенім, мәдениетаралық серіктестік пен өзара құрмет. Мұндай қасиеттерді дамыту білім беру жүйесінің мақсатты педагогикалық ықпалымен жүзеге асады.

Білім алушылардың толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді әдістер ретінде диалог, пікірталас, «ми шабуылы», рөлдік және іскерлік ойындар, жобалық жұмыстар сияқты педагогикалық технологияларды атауға болады. Бұл әдістер білім алушылардың өзіндік ойлауын дамытып қана қоймай, ұжымда жұмыс істей білуін, өзгелердің пікірін сыйлауын, ортақ шешім таба алу қабілетін жетілдіреді, көпмәдениеттілік құндылықтарға бейімделуіне ықпал етеді.

Осылайша, көпмәдениетті қоғамда білім алушылардың толеранттылық мәдениетін қалыптастыру – әлеуметтік интеграцияның, мәдениетаралық өзара әрекеттесудің және бейбіт өмір сүрудің негізін қалайды. Толеранттылық мәдениеті – демократиялық қоғамның басты тірегі әрі жас ұрпақтың рухани дамуының маңызды шарты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Библер В. С. Диалог. Сознание. Культура. – М., 1989.

2 Бидова Б.Б. Формирование толерантности студента в поликультурной образовательной среде // Педагогика высшей школы. – 2016. – №1. – С. 24-25.

3 Гершунский Б.С. Толерантность в системе ценностно-целевых приоритетов образования // Педагогика. – 2002. – №7. – С. 3-13.

4 Макажанова Ж.М. Қазіргі білім беру жүйесіндегі полимәдениеттілік немесе полимәдениеттіліктің мультимәдениеттіліктен айырмашылығы // Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Хабаршысы.–2019.– № 3. – С. 187-191.

5 Петров В.Н. Этнические мигранты и полиэтничная принимающая среда: проблемы толерантности // Социс. – 2003. – №7. – С. 84-91.

6 Соколов В.М. Толерантность: состояние и тенденции // Социс. – 2003. – №8. – С. 54-63.

7 Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Жить с собой и другими: Тренинг толерантности для подростков. – М.: Генезис, 2000, – 112 с.

8 Тишков В. А. Реквием по этносу: исследования по социально-культурной антропологии. – М.: Наука, 2003. – 543 с.

9 Шотова Г.С. Толерантная личность студента – залог будущего компетентного педагога // Техническое и профессиональной образование. – 2015. – № 1. – С. 37-39.

10 Ярычев Н.У. Поликультурная образовательная среда как элемент формирования толерантности студента // Педагогика высшей школы. – 2016. – №1. – С. 30-33.

11 Banks J. Teaching strategies for ethnic studies. – Boston: Allyn and Bacon, 1984. – 479 p.

12 Akazhanova Zh.M., Bataeva F.A., Bratayeva A.A., Mavrina I.A. Characteristic features of developing multiculturalism as a students' personality trait and the basis of positive intercultural relations in the context of modern education / Science for Education Today. – 2019. – T.9, №4. – P.231-246.

13 Türe H., Ersoy A. Sosyal Bilgiler Öğretmenlerinin Hoşgörü Algısı1 // Journal of Social Studies Education Research. – 2014. – 5(2). – P. 31-55.

REFERENCES:

1 Bibler V.S. Dialog. Soznanie. Kultura. – Moscow, 1989.

2 Bidova B.B. Formirovanie tolerantnosti studenta v polikulturnoy obrazovatelnoy srede // Pedagogika vysshey shkoly. – 2016. – №1. – P. 24-25.

3 Gershunsky B.S. Tolerantnost v sisteme tsennostno-tselevykh prioritetov obrazovaniya // Pedagogika. – 2002. – №7. – P. 3-13.

4 Makazhanova Zh.M. Qazirgi bilim beru zhuiesindegi polimadeniettilik nemese polimadeniettiliktin multimedeniéttilikten ayirmashylygy // Vestnik Kazakh National Pedagogical University. – 2019. – № 3. – P. 187-191.

5 Petrov V.N. Etnicheskie migranty i polietnichnaya prinimayushchaya sreda: problemy tolerantnosti // Sotsis. – 2003. – №7. – P. 84-91.

6 Sokolov V.M. Tolerantnost: sostoyanie i tendentsii // Sotsis. – 2003. – №8. – P. 54-63.

7 Soldatova G.U., Shaigerova L.A., & Sharova O.D. Zhit s soboy i drugimi: Trening tolerantnosti dlya podrostkov. Moscow: Genezis, 2000, – 112 p.

8 Tishkov V.A. Rekviem po etnosu: Issledovaniya po sotsialno-kulturnoy antropologii. Moscow: Nauka, 2003. – 543 p.

9 Shotova G.S. Tolerantnaya lichnost studenta – zalog budushchego kompetentnogo pedagoga // Tekhnicheskoe i professionalnoe obrazovanie. – 2015. – № 1. – P. 37-39.

10 Yarychev N.U. Polikulturnaya obrazovatelnaya sreda kak element formirovaniya tolerantnosti studenta // Pedagogika vysshey shkoly. – 2016. – №1. – P. 30-33.

11 Banks J. Teaching strategies for ethnic studies. – Boston: Allyn and Bacon, 1984. – 479 p.

12 Makazhanova Zh.M., Bataeva F.A., Bratayeva A.A., Mavrina I.A. Characteristic features of developing multiculturalism as a students' personality trait and the basis of positive intercultural relations in the context of modern education / Science for Education Today. – 2019. – T.9, №4. – P.231-246.

13 Türe H., Ersoy A. Sosyal Bilgiler Öğretmenlerinin Hoşgörü Algısı1 // Journal of Social Studies Education Research. – 2014. – 5(2). – P. 31-55.

Ж.М. МАКАЖАНОВА, Ж.А. АТЫГАЕВ

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ ТОЛЕРАНТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В УСЛОВИЯХ ПОЛИКУЛЬТУРНОГО ОБЩЕСТВА

Академия Национальной гвардии Республики Казахстан
Высший колледж имени Магжана Жумабаева

В статье рассматривается проблема формирования культуры толерантности обучающихся в поликультурном обществе в условиях глобализации и интеграции. В современном мире взаимодействие между этнокультурными сообществами может приводить, с одной стороны, к сотрудничеству и диалогу, а с другой – к конфликтам. Поэтому формирование толерантности в системе образования является важной задачей. В научном исследовании анализируется взаимосвязь и различия понятий «поликультурность», «мультикультурализм» и «толерантность». Также раскрывается содержание толерантности с психологической точки зрения. На основе взглядов ученых определяются основные качества, личностные характеристики и социальная значимость толерантности. Показана эффективность педагогических технологий, способствующих повышению уровня толерантности обучающихся, таких как диалог, дискуссия, ролевые игры, проектный метод и творческие работы.

ZH.M. MAKAZHANOVA, ZH.A. ATYGAEV

FEATURES OF FORMING STUDENTS' CULTURE OF TOLERANCE IN A MULTICULTURAL SOCIETY

National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan
Magzhan Zhumabayev Higher College

The article examines the issue of forming students' culture of tolerance in a polycultural society under the conditions of globalization and integration. In the modern world, interaction between ethnocultural communities may lead, on the one hand, to cooperation and dialogue, and on the other – to conflicts. Therefore, the formation of tolerance within the education system is an important task. The scientific study analyzes the interrelation and distinctions between the concepts of "polyculturalism," "multiculturalism," and "tolerance." The content of tolerance is also revealed from a psychological perspective. Based on scholars' views, the key qualities, personal characteristics, and social significance of tolerance are identified. The effectiveness of pedagogical technologies that contribute to enhancing students' level of tolerance – such as dialogue, discussion, role-playing games, project method, and creative activities – is demonstrated.

******

ӘОЖ 340

Ф.М. АШИМХАНОВА

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция майоры.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын қалыптастыру мәселесі қарастырылып, осы үдерістің қазіргі жағдайы мен оны жетілдіру жолдары ұсынылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі әдістері талданады, сондай-ақ білім беру ұйымдарының бұл бағытта кездесетін негізгі қиындықтары мен мәселелері айқындалады. Оқу үдерісіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру бағдарламаларын енгізу мәселесіне ерекше назар аударылып, білім алушылар арасында адалдық, жауапкершілік, заңға құрмет және этикалық құндылықтарды дамыту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыруда мемлекеттік және қоғамдық институттардың бірлескен іс-қимылының маңыздылығы мен білім беру ұйымдарының осы саладағы рөлі кеңінен сараланады.

Түйінді сөздер: *сыбайлас жемқорлық, құқықтық сана, құқықтық тәрбие, білім беру, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, заңдылық, қоғам, алдын алу.*

Сыбайлас жемқорлық — қоғамдағы тұрақтылық пен дамуға кедергі келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Бұл құбылыстың теріс салдарын болдырмау және оның алдын алу мақсатында әртүрлі шаралар қабылдануда. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру, әсіресе білім беру саласында, маңызды мемлекеттік саясаттың бірі ретінде айқындалған. Білім беру жүйесі арқылы жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыру – құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын маңызды бағыттардың бірі болып саналады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары тек экономикалық немесе құқықтық салада ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени және моральдық құндылықтарға да зиянын тигізетіні белгілі. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың кешенді тетіктерін қалыптастыру және оларды тиімді жүзеге асыру қажеттілігі артып отыр. Бұл тұрғыда білім беру жүйесінің, әсіресе өскелең ұрпаққа құқықтық және адамгершілік тәрбие беру үдерісінің маңыздылығы ерекше.

Білім беру мекемелері сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруда маңызды әлеуметтік институттардың бірі болып саналады.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын дамыту — олардың құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, заңға құрметпен қарауды, әділеттілік пен адалдық қағидаттарын ұстануды мақсат етеді. Құқықтық сананың жоғары деңгейінсіз құқықтық мемлекет пен әділ қоғам құру мүмкін емес[1, 161]. Осыған байланысты оқу бағдарламаларында құқық негіздері, қоғамтану және азаматтық білім беру пәндері арқылы білім алушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның түрлері, себептері және салдары, сондай-ақ бұл құқықбұзушылық үшін заңнамада көзделген жауапкершілік шаралары жөнінде жүйелі түрде түсінік беріледі.

Қазіргі таңда қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың үдемелі өзгерістері мен мемлекеттік талаптардың жаңаруы құқықтық тәрбиенің тиімді әдістерін іздестіру қажеттілігін туындатып отыр. Бұл тұрғыда білім беру процесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы модульдерді енгізу маңызды. Мұндай мазмұнды тәрбиелік іс-шаралар білім алушыларда заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтауға деген ішкі қажеттілікті қалыптастырып, қоғамдық сананың жаңаруына ықпал етеді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру процесі тек білім беру мекемелерінде жүргізілетін шаралармен шектелмеуі тиіс. Бұл мәселеде ата-аналар, педагогтар, бұқаралық ақпарат құралдары және мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастық пен өзара әрекеттестіктің маңызы зор. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеу әрбір азаматтың бойында жауапкершілік сезімін, әділеттілікке сенімділікті және заңға деген құрметті қалыптастыруды көздейді.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамдағы теріс салдары мен оның алдын алу мақсатында әртүрлі шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру білім беру саласында маңызды рөл атқарады. Бұл мәселе білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын тәрбиелеп, қоғамның тұрақты дамуына ықпал етеді. Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы санасын дамыту — азаматтардың құқықтық санасын жетілдіру, олардың заңды мінез-құлық үлгілерін меңгеру және осылайша қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіпті орнатуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі [2, 124].

Құқықтық сананың жоғары деңгейінсіз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Айта кету керек, қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мүмкіндігі қоғамтану, азаматтықтану, құқық негіздері пәндері бойынша құқықтық білім беру аясында қарастырылған. Осы курстарды оқу барысында білім алушылар сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде, сыбайлас жемқорлық қылмыс ретінде және осы қылмыс үшін қолданыстағы жауапкершілік шаралары туралы түсінік алады. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың дамуы, қоғамдық өмірдегі өзгерістер, мемлекеттік талаптардың өзгеруі құқықтық тәрбиенің жаңа тәсілдерін іздеуді талап ететін жаңа міндеттер туғызуда. Атап айтқанда, оған сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы құрамды енгізу туралы айтып отырмыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным оқу-тәрбие процесінде мақсатты түрде

қалыптасуы керек. Шын мәнінде, бұл сала қазіргі кезеңде ең сұранысқа ие салалардың біріне айналуда. Сыбайлас жемқорлық бүгінде терроризм мен экстремизм сияқты құбылыстармен қатар қоғамдық қауіпсіздікке қатерлердің бірі болып саналады. Білім алушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу тиісті тұлғалық қасиеттері бар азаматты қалыптастыру үшін мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналуы тиіс. Соның нәтижесінде мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымы қалыптасқан мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлердің дәрежесін алуы керек.

Осылайша, білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру жалпы сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды шараларының бірі болып табылады. Мұндай қалыптастыру оқу-тәрбие қызметі аясында жүзеге асырылуы керек. Бұл мәселені шешу үшін тиісті нормативтік-құқықтық база құру қажет. Осы саладағы нормативтік-құқықтық базаның қазіргі жағдайы жетілдіруді талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеу – қоғамда азаматтық сана мен адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңызды аспектісі. Бұл үдеріс әртүрлі жастағы адамдарға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға және елдің дамуына тигізетін кері зардаптарын түсінуге көмектеседі. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеу білім, тәрбие, БАҚ және заңнама сияқты әртүрлі аспектілерді қамтиды. Білім беру мекемелері білім алушылардың бойында заңға деген құрметті тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті дамыту тек тәрбиелік және заңнамалық шаралармен шектелмейтінін де ескерген жөн. Ата-аналар мен мұғалімдер оқу-тәрбие процесіне қатысуы керек, балалар мен жасөспірімдерде жауапкершілік пен заңды құрметтеу сезімін қолдау және дамыту. Тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті тәрбиелеу әртүрлі тараптардың, соның ішінде мемлекеттік органдардың, оқу орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының және жалпы қоғамның қатысуын талап ететін күрделі процесс. Бұл үдеріс сыбайлас жемқорлықпен күресуге көмектесіп қана қоймай, қоғамдағы азаматтық сана мен адамгершілік құндылықтарды дамытуға ықпал етеді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекет деңгейінде ерекше маңызға ие болып отыр. Елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізі ретінде мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың күшеюі, сондай-ақ жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін жетілдіру мен жаңғырту үдерісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға баса назар аударылуда. Бұл бағыттағы жұмыстардың негізі ретінде білім алушылардың құқықтық санасын көтеру, әділдік пен адалдық қағидаттарын насихаттау, сондай-ақ білім беру мекемелеріндегі ашықтықты қамтамасыз ету қарастырылады. Жоғары оқу орындары осы үдерісте маңызды рөл атқара отырып, болашақ мамандардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәстүрлі іс-шаралар кешені төмендегі бағыттарды қамтиды:

1.Қылмыстық жауапкершілік туралы хабардар ету: Профессор-оқытушылар құрамын және білім алушыларды сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жөнінде ақпараттандыру.

2.Мүдделер қақтығысын болдырмау: Қызметкерлерге мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында шектеулер мен тыйымдар туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3.Этикалық нормаларды бекіту: Жоғары оқу орындарының жергілікті құқықтық актілерінде қызметкерлер мен білім алушылардың мінез-құлық нормаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды сақтау рәсімдері мен нысандарын бекіту.

4.Ашықтықты қамтамасыз ету: ЖОО-ның басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету.

5.Заң консультациялары: Білім алушылар, олардың ата-аналары мен университет қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар туралы тегін заң консультацияларын өткізу.

6.Ғылыми-практикалық конференциялар: Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қалыптастыру мақсатында ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, оның ішінде құқық қорғау органдарының қызметкерлерін шақырып өткізу.

7.Академиялық бақылау: Сабақтардың ұйымдастырылуына, білім алушылардың үлгеріміне, аралық аттестатталуына, түлектердің мемлекеттік қорытынды аттестатталуына және академиялық берешектерді жою рәсіміне жүйелі бақылау жүргізу.

8.Қашықтан оқыту технологиялары: Академиялық берешектерді жою кезінде білім алушы мен оқытушының тікелей байланысын болдырмау, сонымен қатар қашықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, тестілік тренажерлерді кеңінен пайдалану.

9.Ақпараттық база: Жоғары оқу орындарының сайтында ата-аналар мен білім алушылар үшін ашық үлгерім туралы ақпараттық базаны тұрақты әрі уақтылы жаңартып отыру.

10.Сауалнамалар жүргізу: Сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау және қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалау мақсатында білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және басқа да қызметкерлер арасында сауалнамалар жүргізу.

Университеттердің құқықтық тұлғаны қалыптастырудағы рөлі аса маңызды, өйткені олар тек мамандарды даярлаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруда да үлкен үлес қосады. [3, 258]. Жоғары оқу орындары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске белсенді қатысу арқылы, тек қана білім беру процесін жақсартумен айналысып қоймай, қоғамның этикалық және құқықтық санасын қалыптастырады. Бұл бағытта университеттердің атқаратын негізгі міндеттері мен жүзеге асыратын іс-шаралары айтарлықтай маңызға ие.

1. Білім беру мазмұнын жаңарту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына арнайы курстар мен пәндер енгізілуде. Бұл пәндер білім алушылардың сыбайлас жемқорлықтың құқықтық, әлеуметтік және моральдық салдарын түсінуіне, сондай-ақ бұл құбылысқа қарсы күресудің тиімді жолдарын меңгеруіне мүмкіндік береді.

2. Арнайы семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дағдыларын дамыту мақсатында түрлі семинарлар, тренингтер, форумдар және ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл шаралар олардың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамдағы әділеттілік пен парасаттылық қағидаттарын ұстануға баулиды.

3. Дебаттар мен пікірсайыстар өткізу

Білім алушылар арасында сыбайлас жемқорлық мәселесін талқылауға арналған дебаттар мен пікірталас алаңдары ұйымдастырылып, студенттердің өз көзқарасын дәлелдеуіне, мәселеге сын көзбен қарауына және шешу жолдарын ұсынуына жағдай жасалады.

4. Этика кодексі мен ішкі саясаттар

Жоғары оқу орындарында академиялық адалдық қағидаларын бекіту мақсатында этика кодекстері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі саяси құжаттар қабылдануы тиіс. Бұл құжаттар оқу ордасы мүшелерінің (оқытушылар мен студенттердің) кәсіби және әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

5. Мәдени және құндылықтық тәрбие

Адалдық, әділеттілік, шынайылық секілді негізгі адамгершілік құндылықтарды насихаттау білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастырудың маңызды тетігі болып табылады. Бұл құндылықтарды насихаттау арқылы білім беру мекемелері жалпы қоғамдағы парасаттылық деңгейін көтеруге атсалысады.

6. Парасаттылық клубтарын құру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытудың бір жолы ретінде жоғары оқу орындарында парасаттылық клубтарын ұйымдастыру ұсынылады. Мұндай клубтар білім алушыларды белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады.

7. Қоғам алдындағы жауапкершілікті тәрбиелеу

Жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі – жастарда қоғамға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру [4, 79]. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты ұстанымның қалыптасуы олардың болашақ кәсіби қызметінде де маңызды орын алатыны сөзсіз.

Негізгі даму бағыттары:

1. Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру сапасын арттыру мақсатында оқытушылар құрамының біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру қажет. Бұл үшін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастырылуы тиіс.

2. Қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттестік: Білім беру ұйымдары азаматтық қоғам институттарымен, үкіметтік емес ұйымдармен және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктермен ынтымақтастық орнатуы қажет. Бұл бірлескен жұмыстар арқылы қоғамдық серіктестікті нығайтуға болады.

3. Цифрландыру және ашықтық: Білім беру мекемелерінде цифрлық технологияларды енгізу арқылы басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету, оқу нәтижелері мен өзге де маңызды ақпараттардың қолжетімділігін арттыру маңызды.

4. Құқықтық және моральдық жауапкершілік: Жастар арасында заңға бағыну мен моральдық құндылықтарды құрметтеуге бағытталған ақпараттық және әлеуметтік жобаларды дамыту қажет.

5. Халықаралық тәжірибені енгізу: Қазақстан жоғары оқу орындары шетелдік оқу орындарымен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыру арқылы тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерді отандық жүйеге енгізуге мүмкіндік алады [5, 96].

Жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетаным қалыптастырудағы рөлі ерекше маңызды. Бұл мекемелер болашақ мамандарды тәрбиелеуде ғана емес, қоғамдағы парасаттылық мәдениетін қалыптастыруда да жетекші күшке айналуы тиіс. Осы мақсатта оқу бағдарламаларын жетілдіру, жастардың құқықтық және моральдық санасын арттыру, және ашықтық пен жауапкершілік қағидаттарын насихаттау басты басымдықтар қатарында болуы қажет.

Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру — Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде орнығуына бағытталған маңызды стратегиялық мақсаттардың бірі. Бұл бағытта тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін білім беру жүйесінде жан-жақты құқықтық және адамгершілік тәрбие беру шараларын жүйелі түрде жүргізу қажет. Сонымен қатар, осы салада қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру — сыбайлас жемқорлықпен күресте табысты нәтижелерге жетудің маңызды алғышарттарының бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Баймуханов Е.М., Карпекин А.В., Ибраимова Н.И. Проблема формирования правосознания у молодежи//«Хабаршы-Вестник» Карагандинской академии МВД РК им.Бейсенова - 2024 - №1 (83) –с. 161

2 Алдамбергенов К. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы білім беру ұйымдарының рөлі// Алматы: ЖШС «Білім», - 2018ж . 124б.

3 Аманжолова Г. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың педагогикалық аспектілері //Астана: ҚазҰУ, - 2019ж. 258б.

4 Қасенова Ә. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастырудың әлеуметтік аспектілері// Алматы: Қазақ университеті, - 2021ж.79 б.

5 Сағындықова Л. Жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетке тәрбиелеу: ұлттық тәжірибе// Алматы: ҚазМУ, - 2020ж. 96б.

REFERENCES:

1 Baimukhanov E. M., Karpekin A.V., Ibraimova N. I. The problem of forming the law of youth//"Bulletin-Vestnik" of the Karaganda Academy of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan.Beisenova - 2024 - №1 (83) –P. 161

2 Aldambergenov K. the role of educational organizations in the formation of an anti - corruption culture// Almaty: LLP "bilim", 2018 . 124b.

3 Amanzholova G. pedagogical aspects of Anti-Corruption Policy / / Astana: kaznu, - 2019. 258b.

4 Kasenova A. social aspects of the formation of anti - corruption consciousness// Almaty: Kazakh University, - 2021.79p.

5 Sagyndykova L. education of youth in an anti-corruption culture: national experience / / Almaty: Kazsu, - 2020. 96b.

Ф. М. АШИМХАНОВА

ФОРМИРОВАНИЕ АНТИКОРРУПЦИОННОГО СОЗНАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПУТИ РАЗВИТИЯ

Карагандинская академия МВД РК им Б. Бейсенова

В статье рассматривается проблема формирования антикоррупционного сознания обучающихся, предлагается современное состояние и пути его совершенствования. Будут обсуждены основные методы формирования антикоррупционной культуры, а также определены основные трудности и проблемы, с которыми сталкиваются организации образования в данном направлении. Особое внимание будет уделено внедрению антикоррупционных образовательных программ в учебный процесс, рассмотрены методы развития среди обучающихся честности, ответственности, уважения к закону и этических ценностей. Для повышения эффективности борьбы с коррупцией широко обсуждается важность совместных действий государственных и общественных институтов, а также роль и задачи организаций образования в этой борьбе.

F. M. ASHIMKHANOVA

FORMATION OF STUDENTS' ANTI-CORRUPTION CONSCIOUSNESS: CURRENT STATE AND THE WAYS OF DEVELOPMENT

Karaganda Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after B. Beisenov

The article examines the problem of forming the anti-corruption consciousness of students, suggests the current state and ways to improve it. The main methods of forming an anti-corruption culture will be discussed, as well as the main difficulties and problems faced by educational organizations in this area will be identified. Special attention will be paid to the implementation of anti-corruption educational programs

in the educational process, methods of developing honesty, responsibility, respect for the law and ethical values among students will be considered. In order to increase the effectiveness of the fight against corruption, the importance of joint actions by state and public institutions, as well as the role and tasks of educational organizations in this fight, are widely discussed.

******

УДК 355.01

Б.Т. ГАБДУЛЛИН
докторант Национального университета обороны Республики Казахстан, подполковник, г. Астана

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОЦЕССА ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩИХ ОФИЦЕРОВ В ВОЕННОМ ВУЗЕ

Статья посвящена актуальной педагогической проблеме формирования профессиональной культуры курсантов на этапе обучения в военном институте. Актуальность исследования обусловлена социальным запросом и потребностями в подготовке высоко квалицированных и креативных военных кадров, способных успешно решать поставленные задачи в современных социокультурных условиях. С учетом специфики военно-профессиональной деятельности и социокультурной парадигмы определены педагогические условия повышения эффективности процесса формирования профессиональной культуры будущих офицеров в военном вузе. Неслучайно затронута проблема освоения профессиональных компетенций, являющихся неким ядром профессионализма и высокой культуры преподавателя. Предлагается модернизация подходов к обучению и воспитанию курсантов в образовательном процессе военного вуза. А также описываются целесообразные научно-обоснованные действия руководства и профессорско-преподавательского состава по управлению профессиональным самосовершенствованием курсантов.

Ключевые слова: *будущий офицер, военный вуз, курсант, методика обучения и воспитания, профессиональная культура, педагогическая деятельность, педагогические условия, самосовершенствование.*

Введение. Формирование нового облика Вооруженных Сил Республики Казахстан (далее – ВС РК) требует переформатирования системы военного образования и улучшение качества подготовки офицерских кадров. Уровень знаний и навыков обучаемых должен соответствовать мировым стандартам, обеспечивать исполнение военно-профессиональных обязанностей в стремительно изменяющейся геополитической обстановке и непростых социально-экономических условиях. В этой связи перед отечественной системой

военного образования поставлены две критически важные задачи. *Первая*, заключается в удовлетворении потребностей Вооруженных Сил в квалифицированных военных кадрах. *Вторая*, охватывает «индивидуальный запрос», который выражается в создании каждому офицеру оптимальных условий для их профессионального роста и развития [1].

В современном обществе профессиональная культура офицера представляет собой сложный социокультурный феномен, который включает в себя ценности, нормы, традиции и стандарты, характерные для данной профессии. Активное изучение профессиональной культуры офицера позволяет более глубоко понять особенности и специфику профессиональной деятельности офицеров, а также их роль и место в обществе. Это позволит по-новому взглянуть на проблему воспитания и обучения современного офицера, обеспечит создание предпосылок для развития профессиональной культуры в офицерской среде.

Цель статьи анализ и систематизация полученных в ходе исследования теоретических, эмпирических и экспериментальных данных, обоснование педагогических условий, необходимых для повышения эффективности формирования профессиональной культуры будущих офицеров в образовательном пространстве военного вуза.

Методы исследования. В качестве фундамента для анализа использовалась научная литература, включая работы известных отечественных и зарубежных исследователей. Для реализации намеченной цели были применены разнообразные исследовательские подходы. В частности применялись такие методы, как аналитическое разложение, обобщающий синтез, процедура абстрагирования, сравнительный анализ, систематизация и структурирование.

Основное содержание. Предлагаем к рассмотрению следующие виды педагогических условий, которые на наш взгляд оказывают наибольшее влияние на предмет исследования (рис. 1).



Рисунок 1 – Виды педагогических условий

Переходя к рассмотрению первого положения вспомним слова великого русского педагога К.Д. Ушинского который говорил, что учитель живет до тех пор, пока он учится. Как только он перестает учиться, в нем умирает учитель. Слова, сказанные более 100 лет тому назад – актуальны и в настоящее время. Мысль К.Д. Ушинского продолжена и подтверждена и П.Ф. Каптеревым: «…

педагог способен действительно воспитывать и образовывать лишь до тех пор, пока он сам работает над своим собственным воспитанием и образованием» [2].

Это условие обеспечивает его педагогическую компетентность. И наоборот, преподавание становиться повинностью, если трудовая деятельность педагога не сочетается с желанием профессионального совершенствования. Однотипные, неинтересные и скучные занятия негативно действуют на обучающихся и преподавателя, задерживают профессиональное и культурное развитие.

Самосовершенствование считается следствием результатов самообразования и самовоспитания педагога. Процесс самообразования преподавателя способствует повышению уровня педагогического мастерства, самоорганизации, духовных интересов, целеустремленности. В конечном счете, он ведет к более успешному формированию у курсантов профессиональной культуры.

Проведенное исследование, связанное с вышеизложенным положением, показало, к сожалению, небольшой процент (от 3 % до 15 % в разных военных вузах) преподавателей, которые системно занимаются самосовершенствованием. Низкий показатель можно объяснить отсутствием у преподавателей времени на систематическое повышение своего профессионального уровня.

По мнению некоторых представителей руководства вузов, рабочее время преподавателя ограничивается лишь учебной работой. Тем не менее, педагогу требуется немало времени на методическую и научную деятельность, которые оцениваются в большинстве случаев или формально или являются во многих вузах откровенно слабыми. Вместо этого возникают различного рода дополнительные нагрузки, которые отнимают значительное количество служебного времени преподавателя. Это несение службы в нарядах, командировки не связанные с педагогической деятельностью, проведение административных расследований, участие в работе различных внутри проверочных комиссий и многое другое. При таком объеме дополнительных нагрузок преподаватели порой не обращают пристального внимания на результаты своей деятельности» [3].

Практика доказывает, что эффективным способом экономии времени преподавателя военного вуза является планомерность в работе. Для экономного регламентирования рабочего времени необходимо осуществлять оценивание деятельности каждого дня и планирование работы последующего с учетом выявленных временных потерь [4].

Изложенное выше позволяет сформулировать задачи организации самообразовательной деятельности преподавателей вузов: постоянное самосовершенствование своей педагогической деятельности путем расширения научного и методического кругозора; систематизирование и оптимизация деятельности по самосовершенствованию профессионально-важных качеств.

Перечисленные задачи конкретизируют работу по повышению профессиональной компетентности, поэтому они направлены на использование

вновь получаемых знаний для повышения своей педагогической компетентности; улучшение методов самостоятельной оценки с целью самодиагностики собственной преподавательской работы; согласование условий самообразования с требованиями педагогической деятельности.

Педагогическая деятельность преподавателя предполагает повышенную требовательность к себе и развитый самоконтроль – это показатель высшей нравственной зрелости и культуры, так как высшая культура мышления выражается в способности и умении полемизировать с самим собой. Преподаватель использует самоконтроль с целью фиксации наиболее выраженных индивидуальных особенностей профессионального и совершенствования управляемости личной жизнедеятельности. Благодаря этому педагог способен конкретно регулировать свое поведение: погасить вспышку гнева, сконцентрировать волевые усилия для достижения результата, преодолеть антипатию.

Работу по формированию профессиональной культуры будущих офицеров усилит грамотная система стимулирования его высокоэффективного труда. По этому поводу М.М. Рубинштейн отмечал: «Сюда должно быть отнесено, прежде всего, материальное стимулирование – лучшая оплата, способная конкурировать с другими профессиями. Это важно, тем более что учительская профессия большей частью лишена возможности добавочных заработков и претендует на все силы человека, захватывая даже его частную жизнь, требуя не ремесла, а призвания» [5].

Обобщение данных, полученных в результате изучения научной литературы и проведенных экспериментальных исследований, позволяет утверждать, что для оптимизации процесса развития профессиональной культуры у курсантов требуется дальнейшая модернизация подходов к их обучению и воспитанию как будущих офицеров.

В рамках педагогической работы профессорско-преподавательского состава военных вузов можно выделить два ключевых аспекта: образовательный процесс и воспитательное воздействие на обучающихся [6]. Успешность обучения и воспитания курсантов напрямую зависит от компетентного подбора и качественного применения определенных методик, форматов и подходов [7].

Считается, что все методы обучения, применяемые для подготовки курсантов, могут быть условно разделены на две группы: традиционные и инновационные [8].

Традиционные методы в большей степени направлены на формирование профессиональных компетенций в виде набора образовательных «инструментов» – знаний и умений. Они, как правило, выполняют задачу репродуктивного воспроизводства презентуемого на занятиях материала. При таком подходе курсант ориентируется в большей степени на его восприятие [9].

Инновационные методы предназначены для развития у обучаемых самостоятельного творческого мышления, а также способности квалифицированно решать учебно-познавательные задачи.

Процесс формирования профессиональной культуры курсантов будет иметь положительные результаты только при комплексном использовании разнообразных методов с учетом их коммуникативных функций, так как каждый из них в своей изолированной сути не будет являться универсальным. А.С. Макаренко, отмечая творческий характер применения методов в образовательном процессе, указывал: «Никакое средство нельзя рассматривать с точки зрения полезности или вредности, взятое уединенно от всей системы средств. И, наконец, никакая система средств не может быть рекомендована как система постоянная».

К используемым способам передачи данных, позволяющим формировать профессиональную культуру будущих офицеров, следует отнести объяснительно- иллюстративный, репродуктивный, контекстный, проблемный, интерактивный, модульно-рейтинговый, игровые методы обучения, метод сравнения реалий (метод компарации).

Инструменты обучения, представленные в современном образовательном процессе, зачастую предполагают использование инновационных методов обучения. Так, например, технические средства обучения позволяют варьировать или модифицировать методы учебной работы за счет их способности демонстрировать динамику развития явлений, сообщать дозированную учебную информацию, управлять и корректировать индивидуальный процесс усвоения знаний. В отличие от печатных форм (учебников и учебных пособий) технические средства обучения организуют и акцентируют восприятие курсантов на объективное содержание; выполняют функции источника и распределяют объем учебной информации; стимулируют познавательные интересы курсантов; побуждают эмоциональное отношение обучающихся к учебной работе; позволяют осуществлять контроль и самоконтроль усвоенных знаний. Большую роль в системе современного обучения в вузе играют персональные компьютеры, требующие использования интерактивных методов и средств преподавания и учения, различных видов знаковых и графических мультимедийных моделей.

И третьим условием повышения эффективности процесса формирования профессиональной культуры будущих офицеров в современном образовательном процессе вуза является осуществление педагогически направленного управления самосовершенствованием обучающихся.

Развитие курсантов как личностей предполагает их осознанную и независимую деятельность, ориентированную на углубленное обновление уже имеющихся знаний, практических навыков и умений. Также важным аспектом является культивирование личных качеств, востребованных у специалистов, выпускающихся из данного высшего учебного заведения. Это непрерывный процесс саморазвития и приобретения новых компетенций.

Данный вид деятельности осуществляется курсантами в процессе обучения, где они сталкиваются с необходимостью разрешать множество сложных задач, которые возникают при исполнении ими служебных обязанностей. Выполнение учебных и служебных задач стимулирует работу с

дополнительными источниками информации (в том числе таким, как наблюдение за действиями сокурсников, изучение их поведения и т.д.) и является основой формирования профессионально-важных качеств.

В общей совокупности мер, направленных на овладение будущими офицерами профессиональной культурой, следует отметить, что, во-первых, управление профессиональным самосовершенствованием курсантов может осуществляться в различных ситуациях. Например, в ходе самостоятельной работы курсантов, при решении ими практических служебных задач.

Во-вторых, эффективное управление самостоятельным развитием курсантов гарантирует решение ключевых задач профессионального становления будущих офицеров и в высшей степени благоприятствует увеличению результативности их учебной деятельности.

В-третьих, Зачастую формирование у курсантов навыков самостоятельной работы над собой и развитие системы требований к личностному росту не требуют существенных усилий или финансовых вложений. Благодаря этому, образовательный процесс становится наиболее рентабельным и доступным способом осуществления педагогической работы.

Реализация профессионального самосовершенствования не обходится без преодоления сложностей и барьеров, которые, отражаясь в сознании, провоцируют беспокойство. Эти препятствия формируют конфликт между стремлением к карьерному росту и частными, эгоистичными мотивами. Чтобы исключить подобные разногласия, важно сосредоточить внимание на развитии волевых качеств у будущих офицеров.

Согласно проведенному анализу, успешное приближение к намеченной задаче возможно путем использования словесного убеждения и демонстрации образцового поведения со стороны командира или преподавателя.

Выводы: Таким образом, в статье автором раскрыты и описаны педагогические условия повышения эффективности процесса формирования профессиональной культуры у будущих офицеров в военном вузе, которые подразумевают следующее:

1. Развитие профессиональной культуры у будущих офицеров напрямую зависит от эффективности работы преподавателей и степени их профессиональной квалификации. Совершенствование педагогической квалификации преподавателя достигается главным образом путем самостоятельной работы, в процессе которой вырабатывается системный и комплексный подход к деятельности, укрепляется психологическая расположенность к реализации профессиональных целей, включая формирование профессиональной культуры у будущих офицеров.

2. Модернизация подходов к обучению и воспитанию курсантов. Успешное внедрение данного подхода в учебный процесс военного высшего учебного заведения в значительной степени определяется реальными ресурсами и мотивацией профессорско-преподавательского состава. Стремление к более широкому внедрению инновационных подходов в образовании, а также непрерывный поиск и активное применение новых техник и инструментов

педагогического воздействия со стороны преподавателей, закономерно ведет к улучшению результативности процесса формирования профессиональной культуры будущих офицеров.

3. Управление профессиональным самосовершенствованием курсантов реализуется через систему целенаправленных, научно-обоснованных мер, предпринимаемых администрацией вуза и преподавателями, направленных на стимулирование у обучающихся стойкого интереса к выбранной профессии и обеспечение благоприятных условий для их самосовершенствования в профессиональной сфере. Целенаправленное педагогическое воздействие в рамках этого процесса достигается за счет применения индивидуализированных подходов, мотивирующих профессиональный рост и личностное совершенствование будущих офицеров. Это реализуется посредством определения четких целей и разработки планов в области педагогической работы, направленных на культивирование профессиональной культуры будущих офицерских кадров.

В статье рассматривается проблема внедрения личностно-ориентированного подхода в систему физической подготовки курсантов с акцентом на обучение боевым приёмам борьбы. Обосновывается актуальность учета индивидуально-психологических, физических и мотивационных особенностей, обучающихся при организации учебно-тренировочного процесса. Раскрываются педагогические условия и методические принципы реализации личностно-ориентированной физической подготовки, направленной на повышение эффективности освоения боевых приёмов, развитие профессионально значимых физических качеств и формирование устойчивой готовности курсантов к выполнению служебно-боевых задач. Подчёркивается роль интеграции физической, технической и психологической подготовки как фактора повышения уровня профессиональной компетентности будущих специалистов силовых структур.

M.T. NUSUPOV

PERSONAL-ORIENTED PHYSICAL TRAINING AND COMBAT TECHNIQUES IN THE CADETS' TRAINING SYSTEM

National Guard Academy of the Republic of Kazakhstan

The article discusses the problem of introducing a personality-oriented approach to the physical training system of cadets, with a focus on teaching combat techniques. The relevance of taking into account the individual psychological, physical, and motivational characteristics of students in the organization of the training process is substantiated. The article reveals the pedagogical conditions and methodological principles of implementing personality-oriented physical training, which aims to increase the effectiveness of mastering combat techniques, develop professionally significant physical qualities, and form a stable readiness of cadets to perform combat missions. The article emphasizes the importance of integrating physical, technical, and psychological training as a factor in improving the professional competence of future law enforcement officers.

******

УДК 377:378

И.Ю. ОСОЦКИЙ[1], Т.Т. СУПИЕВ[2]

[1] магистр национальной безопасности и военного дела, начальник отделения применения служебных животных управления обеспечения полевого обучения Пограничной академии Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, подполковник, г. Алматы, e-mail: mr.osockiy@mail.ru;

[2] кандидат педагогических наук, начальник управления обеспечения полевого обучения Пограничной академии Комитета национальной безопасности Республики Казахстан, полковник, г. Алматы, e-mail: tairsupiev@yandex.ru.

О ВОЕННО-ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ РЯДОВОГО И СЕРЖАНТСКОГО СОСТАВОВ ОРГАНОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В статье раскрывается структура военно-профессионального образования для различных категорий военнослужащих. Обозначены проблемы военно-профессионального образования рядового и сержантского состава. Предложены пути решения проблем военно-профессионального образования рядового и сержантского состава.

Ключевые слова: *модель компетенций выпускника, знания, умения, навыки, военно-профессиональное образование, образовательные программы, квалификационные требования.*

Введение. Содержание военно-профессионального образования находит свое отражение в первую очередь в модели компетенций выпускника [1, пункт 34], как основном документе, отражающим объем получаемых знаний, умений и навыков в период обучения и воспитания в военном, специальном учебном заведении.

Модель компетенций выпускника является легитимным основанием для разработки образовательной программы по специальности [1, пункт 2].

Однако из определения содержания военно-профессионального образования следует вывод, что необходимо определить без двояко чтений объем знаний, умений и навыков. В этой связи для качественной разработки образовательной программы требуется осуществить оценку каждой компетенции в полученной модели с проецированием на бюджет требуемого учебного времени.

Постановка проблемы. Базис системы высшего и послевузовского военно-профессионального образования существует, чего нельзя сказать в отношении составляющей общей системы подготовки кадров для органов национальной безопасности, а именно проблема в техническом и профессиональном образовании младших специалистов (командиров и начальников), которые составляют более 50% общей численности личного состава Пограничной службы КНБ РК.

Цель статьи. На основе изученного опыта показать положительные и отрицательные стороны структуры военно-профессионального образования.

Методы исследования. В ходе работы был использован спектр общенаучных методов и методов теоретического познания – анализ и синтез, обобщение, системный подход и т.д.

Изложение основного материала. Структура военно-профессионального образования Пограничной службы КНБ Республики Казахстан имеет свои отличительные особенности от структурных элементов системы профессионального образования, принятой в Республике Казахстан [2].

Профессиональное образование в Казахстане структурно состоит из последовательных элементов, каждый из которых реализовывает определенные образовательные программы различных уровней образования.

Законодательством Республики Казахстан определено, что профессиональное образование включает в себя уровни технического и профессионального образования, высшего образования и послевузовского образования [3].

Образовательные программы технического и профессионального образования направлены на овладение профессией (специальностью) и в некоторых случаях с получением послесреднего образования и/или академической степени «прикладной бакалавр». Субъектами технического и профессионального образования, реализующие образовательные программы являются учебные центры и колледжи (высшие колледжи).

Высшие учебные заведения реализовывают образовательные программы специальностей высшего образования с присвоением специальности и академической степени «бакалавр», послевузовского образования с присвоением академической степени «магистр» и образовательные программы докторантуры с присвоением ученой степени «доктор философии PhD».

Как видно, законодательством Республики Казахстан в сфере образования предусмотрена структура профессионального образования, включающая в себя ступени технического и профессионального образования, высшего образования, послевузовского образования и докторантуры. Военно-профессиональное образование является составной частью государственной структуры профессионального образования и естественно должна соответствовать требованиям законов и нормативных правовых актов Республики Казахстан.

Требования о наличии образования или соответствующего уровня подготовки регламентированы в квалификационных требованиях к должностям по военно-учетной специальности [4].

Обязательным требованием о наличии высшего и/или послевузовского образования являются должности, подлежащие замещению военнослужащими офицерского состава. Имеющаяся структура военно-профессионального образования офицерских кадров в целом обеспечивает потребности Пограничной службы в кадровом обеспечении военнослужащими-офицерами. Несмотря на имеющиеся противоречия в содержании военно-

профессионального образования, основные задачи по подготовке офицерских кадров выполняются.

Подготовка рядового и сержантского состава. Структура военно-профессионального образования военнослужащих по контракту рядового и сержантского состава в настоящее время не сформирована.

Рядовой и сержантский состав Пограничной службы КНБ Республики Казахстан представлен более чем 47 группами специалистов (военно-учетных специальностей). Данная категория военнослужащих выполняет ежедневно задачи по обеспечению служебной и боевой деятельности подразделений, и непосредственно несут службу по охране Государственной границы. Соответственно от степени профессиональной компетентности данной категории военнослужащих в значительной степени зависит качество выполнения задач подразделениями.

Квалификационные требования [4] к замещению вакантных должностей подразумевают наличие послесреднего образования у старшин подразделений, старших техников, начальников групп, старших контролёров и других категорий военнослужащих с 8-9 должностным тарифным разрядом.

Сержантский состав – командиры отделений, начальники мобильных группы, старшие операторы, начальники подразделений согласно квалификационным требованиям должны иметь образование в соответствии с военно-учетной специальностью или пройти соответствующую военно-профессиональную подготовку.

Существующая структура военно-профессионального образования рядового и сержантского состава не отвечает в полной мере потребностям Пограничной службы. Ни один из приведенных структурных элементов не является учреждением образования, имеющим право реализовывать образовательные программы.

Анализируя факторы, влияющие на структуру военно-профессионального образования Пограничной службы КНБ Республики Казахстан, в частности, можно сделать вывод, что требуется дальнейшее совершенствование структуры путем проведения организационных, научно-педагогических и методических мероприятий. Совершенствовать существующую структуру военно-профессионального образования путем создания военных, специальных учебных заведений в соответствии с законодательством Республики Казахстан, что позволит сформировать педагогический состав учреждений и организовать полноценный процесс получения образования с применением методических форм и способов обучения и воспитания, основываясь на имеющихся результатах научно-педагогической школы.

Структура высшего и послевузовского военно-профессионального образования Пограничной службы КНБ Республики Казахстан в целом, обеспечивает современные потребности в офицерских кадрах. Можно сделать вывод, что несмотря на многолетнюю практику военно-профессионального образования по образовательным программам высшего и послевузовского

образования, на современном этапе факторы оказывают влияние на структуру и требуется совершенствование имеющейся модели.

Выводы. Таким образом, под структурой военно-профессионального образования Пограничной службы КНБ Республики Казахстан следует понимать субъекты образовательной деятельности, реализующие образовательные программы технического и профессионального, высшего и послевузовского образования, а также программы оперативно-боевой, специальной и физической подготовки.

Для организации военно-профессионального образования военнослужащих по контракту на должностях рядового и сержантского составов необходимо в первую очередь определится с компетентностью выпускника высшего, специального учебного заведения, на её основе разработать компетентность военнослужащего рядового и сержантского составов и после чего приступать к разработке программ обучения по категориям.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года №2 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования». Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 июля 2022 года № 28916. https://adilet.zan.kz./rus/does/V2200028916 (дата обращения: 06.06.2025 г.).

2 Образование в Казахстане. // URL:www.gov.kz (дата обращения: 09.06.2025 г.).

3 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество». – Астана, 1 сентября 2022 года. // URL:www.akorda.kz (дата обращения: 09.06.2025 г.).

4 Приказ Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан от 20 июня 2020 года №361/ДСП «Об утверждении Политики кадрового обеспечения органов национальной безопасности Республики Казахстан».

REFERENCES:

1 Prikaz Ministra nauki i vysshego obrazovaniya Respubliki Kazahstan ot 20 iyulya 2022 goda №2 «Ob utverzhdenii gosudarstvennyh obshcheobyazatel'nyh standartov vysshego i poslevuzovskogo obrazovaniya». Zaregistrirovan v Ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 27 iyulya 2022 goda № 28916. https://adilet.zan.kz./rus/does/V2200028916 (data obrashcheniya: 06.06.2025 g.).

2 Obrazovanie v Kazahstane. // URL:www.gov.kz (data obrashcheniya: 09.06.2025 g.).

3 Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazahstana «Spravedlivoe gosudarstvo. Edinaya naciya. Blagopoluchnoe obshchestvo». – Astana, 1 sentyabrya 2022 goda. // URL:www.akorda.kz (data obrashcheniya: 09.06.2025 g.).

4 Prikaz Predsedatelya Komiteta nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan ot 20 iyunya 2020 goda №361/DSP «Ob utverzhdenii Politiki kadrovogo obespecheniya organov nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan».

И.Ю. ОСОЦКИЙ, Т.Т. СУПИЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАТАРДАҒЫ ЖӘНЕ СЕРЖАНТТЫҚ ҚҰРАМДАРЫНЫҢ ӘСКЕРИ-КӘСІПТІК БІЛІМІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы

Мақалада әскери қызметшілердің әр түрлі санаттары үшін әскери кәсіби білімінің құрылымы ашылған. «Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар арасындағы кәсіптік әскери даярлық білім беру мәселесі қарастырылды және мәселені шешу жолдары көрсетілді». Сержанттар және сарбаздар құрамының әскери-кәсіби білімі мәселесін шешу жолдары ұсынылды.

I.Yu. OSOTSKIY, T.T. SUPIEV

ABOUT MILITARY PROFESSIONAL EDUCATION OF ENLISTED AND NON-COMMISSIONED PERSONNEL OF NATIONAL SECURITY AGENCIES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Border Academy of the NSC of the Republic of Kazakhstan

The article reveals the structure of military vocational education for various categories of military personnel. The problems of military professional education of enlisted and non-commissioned personnel are outlined. The ways of solving the problems of military professional education of enlisted and non-commissioned personnel are proposed.

******

ӨӘЖ 355(091); 355:93/99; 355.4
ҒТАХЖ 78.09

Д.Е. РАХЫМҒАЛИЕВ
Ұлттық қорғаныс университетінің докторанты
Қазақстан Республикасы, Астана қ., e-mail: asil.757575@mail.ru

ШЕТЕЛ АРМИЯЛАРЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ОРКЕСТРЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Бұл мақалада Қарулы Күштердегі әскери оркестрлердің қалай ұйымдастырылатыны қарастырылады, оның шетелдерде дамуын басқарудың негізгі тенденциялары анықталады. Қарулы Күштердің әскери оркестрлерін басқару құрылымдары мен ұйымдарының құрылымы мен қызметі талданады. Шетелдерде әскери музыка тарихи түрде шет мемлекеттер армиясының әскери қызметшілерін саптық және жауынгерлік даярлау жүйесіне енгізілгендігіне байланысты өте маңызды болды. Әскери оркестрлер тарихта шет мемлекеттер армияларының әскери мәдениетінің ажырамас бөлігі болып қана қоймай, әскери қызметшіні әскери істің кәсіби маманы ретінде дамытуға және оның ішкі рухани әлемін жетілдіруге бағытталған арнайы тәрбие құралы ретінде әрекет етті.

Түйінді сөздер: *әскери тарих, мәдени-демалыс жұмысы, әскери музыка, әскери оркестр, музыкалық аспаптар.*

Кіріспе. Әскери музыка жауынгерілк даярлықтың ажырамас құрамдас бөлігі және патриоттық әрі эстетикалық тәрбие берудің пәрменді факторы, заман ағымына сай Қарулы Күштердің жеке құрамының мәдени деңгейін арттырудың құралы ретінде көрнекті орын алады. Әскери музыканың дамуы соңғы кездегі әскери құрылыс принциптерімен және әскери қызметтің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Бұл әртүрлі жағдайларда әскери оркестрлердің қызметіне қатысты көптеген мәселелерді қамтиды.

Әскери қызметшілердің рухани әлемін қалыптастыру мақсатында әскери музыканы қолдану тәжірибесі әлемнің көптеген елдерінің Қарулы Күштерінде кеңінен таралған. Сол себепті де әскери музыканы қолдану арқылы әскери қызметшінің жеке басының рухани құндылығын дамытуға бағытталған шетелдік тарихи тәжірибені ескеріп, түсіну өте маңызды. Одан бөлек, әлемдік музыкалық мәдениетте әскери оркестрлерге арналған шығармалар мен патриоттық бағыттағы туындыларды танымал композиторлар шығарған.

Зерттеу мақсаты – шетел қарулы күштерінің әскери оркестрлері қызметінің ерекшелігіне талдау жүргізу және тәжірибені қорытындылау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу талдауға мүмкіндік беретін ашық қол жетімді материалдардың ғылыми әдебиеттерін зерттеу арқылы жүргізілді. Зерттеу аясында талдау, синтез, жалпылау, дедукция, ғылыми интерпретация сияқты әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім. Бүгінде әлемдік қоғамдастықта дамыған елдердің қарулы күштерінде әскери музыка саптық және жауынгерлік даярлықта, жеке құраммен мәдени-демалыс жұмыстарында, әскери тұрмыста, концерттік қызметте, қоғамдық-салтанатты іс-шараларды өткізу кезінде қолданылады. Шет мемлекеттер әскери оркестрлерінің қызметтік-саптық репертуары әрдайым толықтырылып отырады. Әлемге әйгілі көптеген композиторлар әскери-патриоттық тақырыпта оркестрлік шығармалар жазды. Еуропа елдерінің қарулы күштерінде әскери-музыкалық қызмет әскери музыканы қолдану арқылы берілетін рухани-тәрбиелеуші құрал болып табылады.

Германия. Германияның әскери-музыкалық қызметі – ең танымал әрі ауқымдылардың бірі. Әскери оркестрлердің құрамына белсенді концерттік қызметті жүзеге асыратын 18 оркестрлік ұжым кіреді. Жыл сайын 3000-ға жуық қойылым өткізіледі [1].

Бундесвер әскери-музыкалық қызметінің құрылымында төрт арнайы мақсаттағы музыкалық корпус бар:

бірінші, Берлинде орналасқан бундесвер штабының музыкалық корпусы федералды президент, канцлер, қорғаныс министрі және басқа да салтанатты рәсімдер алдында хаттамалық қойылымдарға қатысады;

екінші, Ойскирхендегі бундесвердің биг-бэнді, негізінен заманауи ойын-сауық музыкалық шығармаларын орындайды және әртүрлі сахналық шоуларға қатысады. Бұл шығармашылық ұжым дыбыс ырғағымен, тембрлік реңктердің бай палитрасымен, оркестрдің дыбысына айрықша және даралық беретін жарқын нюанстармен ерекшеленеді.

үшінші, Хильдендегі музыкалық білім беру корпусында 200-ге тарта жас музыкант білім алады. Әдетте, оқыту Дюссельдорфтағы Роберт Шуман институтының негізінде төрт жылға созылады.

төртінші, Зигбургте орналасқан бундесвер музыкалық корпусының оркестрі. Бұл оркестрге бундесвердің ең жақсы музыканттары кіреді. Олардың міндеті – Германияда және шетелде ең маңызды іс-шаралар мен рәсімдерді өткізу кезінде маңызды концерттік орындарда неміс қарулы күштерінің атынан өнер көрсету. Бундесвер музыкалық корпусының оркестрі жыл сайын 60-тан аса қойылым өткізеді.

Бундесвердің музыкалық корпустары – талантты, шебер және дарынды музыканттардың басын қосатын кәсіби үрмелі аспаптар оркестрлері. Бундесвердің әскери-музыкалық қызметі бастығының қарамағында бес армия музыкалық корпусы; люфтваффенің төрт музыкалық корпусы; әр түрлі қызметтердің үш музыкалық корпусы; Әскери-теңіз фортының екі музыкалық корпусы; әскери-музыкалық децернаты бар [2].

Елге қорғаныс қажет болған жағдайда әскери музыканттар бундесвердің санитарлық бөлімшелері ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сондықтан әскери-музыкалық қызметтің әрбір фельдфебелі музыкалық біліммен бірге Мюнхендегі бундесвер санитарлық академиясында санитарлық біліктілік те беріледі.

Bw-Musix жастар үрмелі оркестрлерінің байқауы ұлттық деңгейде өткізіледі. Концерттерде кітап жәрмеңкелері мен музыкалық аспаптар көрмелері

сүйемелдейді. Конкурс шеңберінде музыкалық корпус базасында әскери-музыкалық қызмет дирижерлерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында дирижерлік курстар өткізіледі.

Неміс мәдениетінің тыныс-тіршілігі бола отырып, әскери музыка армия мен халық арасындағы байланыстырушы ретінде қызмет етеді. Германиядағы әскери оркестрлердің қойылымдары қашанда танымал. Ең үлкен әскери музыкалық мерекелер Берлин мен Кельнде өтеді.

Бундесвердің әскери-музыкалық қызметінің ерекшелігі – оның қызметкерлері қарулы күштердің оң имиджін қалыптастыруда белсенді жұмыс жүргізіп, ел ішінде ғана емес, сонымен қатар шетелде де көрші мемлекеттердің аумағында және бітімгерлік миссияларды өткізу барысында түрлі концерттер ұйымдастырады.

Ұлыбритания. Ұлыбританияның әскери-музыкалық қызметі 1994 жылдан бері заман талабына сай жұмыс істейді. Аталған қызметтің құрамында 1100-ге жуық музыканттан тұратын 23 тұрақты оркестр бар. Оркестрлердің құрамында әдетте 35 музыкант бар. Оркестр құрамындағылардың бәрінің музыкалық білімі ғана емес, қажет болған жағдайда санитар міндеттерін орындау үшін әскери-медициналық қызмет шеңберінде арнайы медициналық даярлықтан өткен әскери қызметшілермен жасақталған. Әскери оркестрлердің барлық жеке құрамы жыл сайынғы әскери оқу-жаттығуларға қатысады.

Жаяу әскер батальондарының көбі өздерінің музыкалық бөлімшелерін барабан корпусы (ағылшын және уэльс полктері) немесе сырнайшылар мен барабандар (шотланд, ирланд және гурк полктері) түрінде сақтайды. Жаяу әскер батальондарының барабан корпустары әдетте барабаншылардан, кернейшілерден, флейташылардан тұрады, ал сырнайшылар мен барабандардың корпустары сырнайшылар мен барабаншылардан тұрады. Тұрақты әскери оркестрлерден айырмашылығы, жаяу әскер батальондарының музыкалық бөлімшелері кез-келген әскери мамандықты толық меңгерген жаяу әскерлерден – пулеметшілерден, мина атқыштардан, сауытты техника жүргізушілерінен, әскери барлаушылардан және т.б. тұрады.

Шотландия корольдік полкінің қара Күзетші батальонының сырнайшылар мен барабаншылар оркестрі Еуропа мен АҚШ-қа көптеген турлар өткізді. Шотландияның Корольдік Стюарт гвардиялық полкі 1-батальонының марш киім үлгісіне аю терісінен жасалған бас киімдер мен Француз лалагүлдерімен кестеленген қызыл күртешелер кіреді. Бұл XVIII ғасырдағы жауынгерлік белгі. Сонау 1836 жылы соғыс бөлімі әр батальонда бес үрмелі аспап музыканты және бір аға үрмелі аспапшы болуды бұйырды. Бүгінгі таңда ұрыс кезінде де әр ротада кем дегенде бір кернейші бар. Әскери оркестрлер аумақтық армия полктерінде де бар. Олардың құрамында 21 әскери оркестр. Әскери оркестрлер Ұлыбританияда, Гибралтарда және Бермуд аралдарында орналасқан. Оның ішінде [2, б. 83]:

- Уэльс корольдігі ханшайымының полк оркестрі;
- Гибралтар корольдігі полкінің еріктілер оркестрі;
- Ағылшын корольдігінің полк оркестрі;

- Уэльс корольдігінің полк оркестрі;
- Йоркшир полк оркестрі;
- Таулы Шотландия корольдігінің полк оркестрі;
- Мерсия полк оркестрі;
- Әскери-медициналық қызмет оркестрі.

Әскери оркестрлер үшін музыканттарды даярлауды мамандандырылған оқу орындары жүзеге асырады. Әскери музыка мектебі Эдинбургте орналасқан. Мектеп тыңдаушылары міндетті әскери дайындықтан өтеді.

Тарихтағы алғашқы Military Tattoo әскери оркестрлерінің фестивалі (ағылшын тілінен «tatoo» сөзбе-сөз аудармасы: барабан; соққы) [3] 1880 жылы Лондонда өтті. Бұл сол кездегі алып Британ империясының әскери оркестрлерінің біразы қатысқан корольдік турнир болды Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстарда үзіліс болғанмен, бұл турнир 1999 жылға дейін жалғасты. Лондоннан әскери музыкалық фестивальдар дәстүрі бүкіл әлемге таралды [4].

Франция. Бұл зерттеуде Францияның әскери-оркестрлік қызметі едәуір қызығушылық тудырып отыр. Император Наполеон құрған Францияның республикалық гвардиясының құрамында хор мен фанфар атты оркестрі бар. Әскери музыканы ұнататындар республикалық гвардияшылар оркестрінің марш шығармаларын орындауына ерекше назар аударады. Француз маршы британдықтарға қарағанда жылдам қарқынмен жүреді. Наполеон армияны минутына 120 қадам жылдамдықпен алға жылжытуға бейімдеді (римдік легионерлердің марш қарқыны минутына 60 қадаммен жүруге мүмкіндік берді). Бүкіл әлемді жаулап алмақ болған Наполеон маршта жауынгерлердің басқа әскерлердің сарбаздарына қарағанда жылдамырақ қозғалуын қалады. Бұл қозғалыс динамикасы болып жатқан оқиғалардың айрықша екеніне және ерекше сезінуге ықпал етеді деп түсінді.

Әскери оркестрлер жеке құраммен, әскери тұрмыста, концерттік-фестивальдік қызметте мәдени-демалыс жұмыстарының іс-шараларын өткізу кезінде, сондай-ақ жауынгерлік дәстүрлер мен рәсімдерді сүйемелдеу кезінде белсенді қолданылады.

АҚШ. АҚШ-тың әскери-музыкалық қызметі қызметіндегі әлеуметтік-мәдени бағыт басымдыққа ие. Америка армиясының әйгілі музыкалық топтарының қойылымдары салтанатты рәсімдер мен марштарда бірге жүріп қана қоймай, одан өзге көптеген және әртүрлі мәдени-ойын-сауық, рекреациялық және спорттық іс-шаралардың қалыпты бөлігі болып табылады.

АҚШ-тан тыс жерде орналасқан Әскери-әуе күштері мен Әскери-теңіз күштерінің әскери оркестрлері әр түрлі қайырымдылық шараларын өткізеді, Бұл Америка армиясы мен мемлекеттің әлемдік қоғамдастық алдында жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал етеді.

Еуропада АҚШ ӘӘК-нің оркестрі ең маңызды әлеуметтік-мәдени миссияны орындайды. Әскери-әуе күштеріндегі белсенді музыканттар өздерінің музыкалық шеберлігі арқылы халықаралық қатынастарды тереңдетеді,

әскерлердің моральдық жағдайын және Америка әскерлері мен Еуропаның бейбіт тұрғындары арасындағы сенім мен достық сезімін сақтайды.

1925 жылы құрылған Жағалау күзеті оркестрі мемлекеттік оқиғаларға арналған көптеген салтанатты рәсімдердің және олардың ішіндегі ең маңыздысы – президенттердің инаугурациясына тұрақты түрде қатысады. Американың барлық әскери оркестрлері үшін белгіленген тәртіпке сәйкес, оркестр әр бес жыл сайын ұлттық шыршаны жағуда өнер көрсетеді. Марди Грас көктемгі карнавал мерекесінде оркестрдің шеберлігі көпшіліктің есінде қалды.

Soldiers of Swing әскери ансамблі-орындаушылық шеберлігімен танылған АҚШ армиясының Еуропалық құрлық әскерлері оркестрінің құрамдас бөлігі. Еуропалық әскери оркестр – құрамында 65 музыкант пен 30 хор әншісі бар және әртүрлі Еуропа елдеріндегі бейбітшілік елшісінің құрметті миссиясын орындайтын АҚШ армия оркестрлерінің ішіндегі ең үлкені, ол Германияның Гейльдерберг қаласында орналасқан. Бұл оркестр – концерттік және әскери оркестрлерді, салтанатты топты, армия хорын, джаз ұжымын қамтитын көп қырлы музыкалық ұжым. Ансамбль музыканттарының көпшілігі ең беделді университеттер мен консерваторияларда білім алады. Олар әскери дайындықтан да өтеді.

Ресей Федерациясы (РФ).

Ресей армиясының әскери оркестрі – әдетте қарулы күштер мен мемлекеттік іс-шаралар мен оқиғаларға арналған әскери музыканы орындау функциясын атқаратын жеке құрам тобы. Әдеттегі әскери оркестр негізінен үрмелі және ұрмалы аспаптардан тұрады.

Қазіргі уақытта Ресей Қарулы Күштерінің Әскери-оркестрлік қызметінің құрамында 20 адамнан бастап 60 музыкантқа дейін бар 220-дан астам оркестр кіреді. Бас әскери оркестрдің құрамында 228 музыкант бар Ресей Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери оркестрі [6]. Әскери-оркестрлік қызметтің құрамына: әскери-оркестрлік қызметтің басқару органы; Орталық әскери оркестр; Симфониялық оркестр; Н.А. Римский-Корсаков атындағы Әскери-теңіз флотының орталық концерттік үлгілі оркестрі; Әскери үлгілі оркестр (Құрмет қарауыл); әскери округтердің, флоттардың, жекелеген армиялардың, флотилиялардың, Әскери-теңіз аудандарының әскери-оркестрлік қызметі; округтер штабтарының, әскерлер топтарының, флоттардың, жекелеген армиялардың, флотилиялардың, әскери-теңіз аудандарының оркестрлері; құрамалардың, әскери бөлімдердің және әскери-оқу орындарының оркестрлері кіреді.

Классикалық және әскери музыканы насихаттауға көбінесе симфониялық оркестр – Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің жетекші шығармашылық ұжымы және әлемдегі ең танымал оркестрлердің бірі ықпал етеді. Оркестр құрамында екі тәуелсіз ұжым бар – үрмелі және симфониялық, олардың негізінде эстрадалық-симфониялық оркестр, ішекті квартет, биг-бэнд, джаз-ансамбль және брасс-квинтет құрылды.

Әскери оркестрлер негізгі қоғамдық-саяси және мәдени іс-шараларға, оның ішінде мемлекеттік хаттамалық іс-шаралар мен Қызыл алаңдағы әскер

парадтарға қатысады. Олар елімізде де, шетелде де өтетін халықаралық әскери-музыкалық фестивальдарда отандық әскери-музыкалық мәдениетті лайықты көрсетеді. Ұжымдардың репертуарлық палитрасы өте кең – орыс және шетелдік классиктердің шығармаларынан бастап қазіргі композиторлардың музыкасына дейін орындайды. Әскери оркестр Ресейдің мемлекеттік әнұранының эталондық жазбасын, сондай-ақ орыс әскери музыкасының антологиясын жазды.

Қытай. Қытайдың әскери оркестрлері әр түрлі салтанатты шараларға, шерулерге, рәсімдер мен концерттерге үнемі қатысады. Олар классикалық қытай музыкасын да, патриотизм мен бірлікті нығайтуға ықпал ететін заманауи композицияларды да орындайды. Бұл оркестрлердің музыкасы ұлттық мерекелер мен әскери шерулер сияқты ірі әскери іс-шараларда маңызды рөл атқарады.

Халықтық-азаттық армиясының әскери оркестрі 1952 жылы Бейжіңде ресми түрде құрылды және оның басты міндеті – келген мемлекет басшылары, үкіметтер мен әскери басшылар үшін мемлекеттік және әскери іс-шараларда ойнау.

Бейжіңде 2004 жылдың қазан айында Қытай музыкалық қауымдастығының үрмелі музыка қоғамы құрылды. Бес жыл ішінде көптеген отандық және шетелдік академиялық алмасулар ұйымдастырылды, Қытайдағы алғашқы ұлттық үрмелі музыка өнері журналы құрылды, ресми веб-сайт ашылып, үрмелі музыканы насихаттау үшін оқыту курстары ұйымдастырылды. Шанхайда үрмелі музыка саласында таланттар тобын тәрбиелеген әскери-музыкалық мектеп ашылды [7].

Оркестрлерге Қытайдың мәдени мұрасын таныстыратын әншілер, бишілер мен музыканттар кіреді. Олар халық әуендерін де, қазіргі заманғы шығармаларды да, елдің әртүрлі аймақтарының дәстүрлерін бейнелейтін ұлттық билерді де орындайды. Бұл шоулар әскерилерге және халыққа танымал.

Қытай әскери музыкасы бірте-бірте армия саласымен шектеліп қоймай, орта және бастауыш мектептерге сапалы музыкалық білім берудің маңызды компоненттерінің біріне айналды, сонымен қатар елдегі өмірдің барлық салаларында ойын-сауықтың танымал түрлерінде өнер көрсетеді.

Түркия. Түркияда Құрлық, Әскери-теңіз және Әскери-әуе күштеріне, сондай-ақ Жандармерия қолбасшылығына тиесілі 19 түрлі қалада 27 оркестр бар. Бұл оркестрлер мемлекеттік және ұлттық мерекелерде, сондай-ақ әртүрлі мерейтойлар мен Түркия армиясы үшін маңызды күндерде өз қалаларының және жақын маңдағы елді мекендердің әртүрлі орындарында (қала орталығында, алаңдарда, сауда орталықтарында, азаматтық мектептерде және т.б.) халыққа концерттер өткізеді. Одан бөлек олар Қарулы Күштердің жеке құрамы мен олардың отбасылары үшін белгілі бір күндері казармалар мен қызметтік қалашықтарда концерттер береді.

Ұлттық Қорғаныс министрлігінің «Мехтеран» Бас әскери оркестрі 1952 жылы құрылды. Ол «Мехтердің» заманауи өкілі – тарихы XI ғасырдан бастау алатын ең көне әскери оркестр, ол жылдар бойы түрік армиясына ұрыс далаларында шабыттандырып, шайқаста жеңіске жетуге ықпал етті. Мехтеран

Түркияда да, одан тыс жерлерде де жұмысын жалғастыруда, ол орналасқан Харбие әскери мұражайында аптасына алты күн концерт өткізіледі. Олар әлі күнге дейін Осман дәуіріндегі керемет костюмдерде өнер көрсетеді [8].

Израиль. Израиль әскери оркестрі – елдегі жалғыз әскери оркестр. Әдетте оркестр құрамында 60 адам. Ұлдар да, қыздар да шамамен бірдей. Израиль қорғаныс армиясының оркестрі әлемдегі бірнеше музыкалық әскери топтардың бірі, онда барлық оркестрлер мерзімді қызметтегі сарбаздар. Оркестрдегі сарбаздар, әр түрлі жас виртуоз марш әуендерінен бастап рокқа дейін бәрін ойнай білуі керек. Салыстырмалы түрде іс жүзінде барлық әскери оркестрлер құрамы – Ресейден, Германиядан, Италиядан, Франциядан және басқа елдерде отыздан елуге дейінгі музыканттардан тұрады.

Израиль қорғаныс армиясы оркестрінің музыканттарының аспаптары өздерімен бірге сақталады, яғни сарбаздар қызметке аспаптармен келеді. Балалар оркестрінің дирижерлерімен тығыз байланыста болу оларды жігерлендіреді. Израильде балалар үрмелі музыкасы өте дамыған, негізінен бұл оркестрлер муниципалды консерваторияларда орналасқан (Израильдің музыкалық білім беру жүйесіндегі консерваториялар – 8 бен 18 жас аралығындағы балаларға арналған музыкалық оқу орындары). Бұл ұжымдардың орындаушылық деңгейі өте жоғары [9].

Оркестр көбінесе елдің әртүрлі жасөспірімдер мен балалар оркестрлерімен бірлескен қойылымдар ұйымдастырады. Бұл жас оркестрлерге аспапта жаттығуға қосымша серпін береді. Оркестрдің концерттік қойылымдарының репертуары әр түрлі және ауқымды, мұнда Израиль композиторларының байыпты шығармалары мен әндері орындалады. Оркестр құрамында аспаптық ансамбль және вокалистер бар.

Қорытынды. Қазіргі жағдайда шетел армиялары мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери оркестрлерді дамыту тәжірибесіне жүргізілген салыстырмалы талдау мемлекеттің әскери оркестрлерінің қызметін ұйымдастырудың әртүрлі үлгілері бар екенін көрсетті. Қарулы Күштерде әлеуметтік-мәдени міндеттердің кең спектрін шешуге бағытталған компонент әскери-музыкалық қызметтер болып табылады. Ресейде олар көбінесе әскерлерді моральдық және психологиялық қолдауда маңызды рөл атқарған марш әуендерімен байланысты. Қытайда әскери оркестрлер салтанатты іс-шараларды сүйемелдеп қана қоймай, елдің философиялық, діни және мәдени ерекшеліктерін көрсете отырып, рәсімдер мен халықтық мерекелердің ажырамас бөлігіне айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 В.И. Газетов, Концептуальные подходы развития военно-музыкальной культуры за рубежом // Вестник МГУКИ. 2010. №5. – 128-133 б..

2 В.И. Газетов, Социолого-сравнительный анализ развития военно-музыкальной культуры за рубежом // Вестник РУДН. Социология. 2010. № 4. 83 б.

3 Воинский этикет:оқулығы / жалпы. ред. проф. Б.В. Воробьева. – М.: ВУ, 2018. – 328 б.

4 О.Н. Траханов, Слесарь Е.А. Military tattoo в контексте зарубежной и отечественной военно-музыкальной культуры // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. 2019. №48. – 91-97бб.

5 В.И. Газетов, Роль и значение военно-музыкальной культуры в процессе PR-продвижения имиджа государства и его вооруженных сил / В.И. Газетов, В.И. Хоменко // PR-деятельность силовых структур западных стран в контексте реализации концепции стратегической коммуникации : Учебное пособие для студентов вузов. – Москва: Институт экономики и культуры, 2022. – 252-263 бб.

6 В России отмечают День военно-оркестровой службы. Парламентская газета: https://www.pnp.ru/social/v-rossii-otmechayut-den-voenno-orkestrovoy-sluzhby.html

7 Чжэн Динцянь Китайский военный оркестр // Вестник музыкальной науки. 2025. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskiy-voennyy-orkestr (өтініш берген күні: 27.10.2025).

8 Самый древний военный оркестр в мире выступит в Москве.https://news.rambler.ua/other/42331273

9 Б.Р. Турчинский, Красной Площади с оркестром//Израиль XXI. Музыкальный журнал. 2011. № 5 (29). 1-11 б.

REFERENCES:

1 V.I. Gazetov, Konceptual'nye podhody razvitiya voenno-muzykal'noj kul'tury za rubezhom // Vestnik MGUKI. 2010. №5. – 128-133 b.

2 V.I. Gazetov, Sociologo-sravnitel'nyj analiz razvitiya voenno-muzykal'noj kul'tury za rubezhom // Vestnik RUDN. Sociologiya. 2010. № 4. 83 b.

3 Voinskij etiket:oқulyғy / zhalpy. red. prof. B.V. Vorob'eva. – M.: VU, 2018. – 328 b.

4 O.N. Trahanov, Slesar' E.A. Military tattoo v kontekste zarubezhnoj i otechestvennoj voenno-muzykal'noj kul'tury // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. 2019. №48. – 91-97bb.

5 V.I. Gazetov, Rol' i znachenie voenno-muzykal'noj kul'tury v processe PR-prodvizheniya imidzha gosudarstva i ego vooruzhennyh sil / V.I. Gazetov, V.I. Homenko // PR-deyatel'nost' silovyh struktur zapadnyh stran v kontekste realizacii koncepcii strategicheskoj kommunikacii : Uchebnoe posobie dlya studentov vuzov. – Moskva: Institut ekonomiki i kul'tury, 2022. – 252-263 bb.

6 V Rossii otmechayut Den' voenno-orkestrovoj sluzhby. Parlamentskaya gazeta: https://www.pnp.ru/social/v-rossii-otmechayut-den-voenno-orkestrovoy-sluzhby.html

7 Chzhen Dincyan' Kitajskij voennyj orkestr // Vestnik muzykal'noj nauki. 2025. №1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/kitayskiy-voennyy-orkestr (өtinish bergen kүni: 27.10.2025).

8 Samyj drevnij voennyj orkestr v mire vystupit v Moskve.https://news.rambler.ua/other/42331273

9 B.R. Turchinskij, Krasnoj Ploshchadi s orkestrom//Izrail' XXI. Muzykal'nyj zhurnal. 2011. № 5 (29). 1-11 b.

Д.Е. РАХИМГАЛИЕВ

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ОПЫТА СЛУЖБЫ ВОЕННЫХ ОРКЕСТРОВ В ЗАРУБЕЖНЫХ АРМИЯХ В СВЯЗИ С ТРЕБОВАНИЯМИ ВРЕМЕНИ

Национальный университет обороны Республики Казахстан

В данной статье рассматривается организация военных оркестров Вооруженных Сил и выявляются основные тенденции их развития за рубежом. Анализируются структура и функционирование управленческих структур и организаций военных оркестров Вооруженных Сил. Военная музыка за рубежом исторически имела большое значение благодаря включению в систему званий и боевой подготовки военнослужащих иностранных армий. Военные оркестры исторически являлись неотъемлемой частью военной культуры иностранных армий, а также выступали в качестве специального образовательного инструмента, направленного на развитие военнослужащего как профессионала в военном деле и совершенствование его внутреннего духовного мира.

D.E. RAKHIMGALIEV

A COMPARATIVE ANALYSIS OF THE EXPERIENCE OF SERVICE OF MILITARY ORCHESTRAS IN FOREIGN ARMIES IN CONNECTION WITH THE REQUIREMENTS OF THE TIME

National Defense University of the Republic of Kazakhstan

This article examines the organization of military bands in the Armed Forces and identifies key trends in their development abroad. It analyzes the structure and functioning of the management structures and organizations of military bands in the Armed Forces. Military music has historically been of great importance abroad due to its inclusion in the rank systems and combat training of service members in foreign armies. Military bands have historically been an integral part of the military culture of foreign armies, and have also served as a specialized educational tool aimed at developing service members as military professionals and enhancing their inner spiritual world.

******

ӘОЖ 691.33

Г.К. СИНБАЕВА[1], Д.С. ТУЛЕГЕН[2]

[1] аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ. E-mail: gsinbaeva@mail.ru;

[2] «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті. Петропавл қ. E-mail: tulegen0811@gmail.com.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА РЕФЛЕКСИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада қазақ тілі сабақтарында оқушылардың рефлексивті дағдыларын қалыптастырудың маңызы мен оны дамытудағы негізгі мәселелер қарастырылады. Рефлексия оқушылардың өзіндік ойлауын, оқу үдерісіне талдау жасауын және жеке жетістіктерін бағалауын дамытуға көмектеседі. Алайда, қазақ тілі пәнінде рефлексияны қалыптастыру барысында оқушылардың дайындық деңгейінің төмендігі, мұғалімдердің тиімді әдістерді қолданбауы, уақыт тапшылығы және мотивацияның жеткіліксіздігі сияқты мәселелер кездеседі. Мақалада осы мәселелерді шешу жолдары ұсынылып, тиімді әдіс-тәсілдер қарастырылады.

Түйінді сөздер: *рефлексивті дағды, оқу үдерісі, тиімді әдістер, талдау, дамыту, бағалау*.

Рефлексия – адамның өз әрекеттерін, ойларын, сезімдерін саналы түрде талдап, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған маңызды құбылыс. Бұл ұғымды әртүрлі ғылым салалары, соның ішінде философия, психология, педагогика кеңінен зерттеген. Рефлексия туралы алғашқы тұжырымдамалардан бастап, оның қазіргі заманғы білім беру үдерісіндегі маңызына дейін көптеген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Атап айтқанда, С.Ю.Степанов пен И.Н.Семенов рефлексияны жеке даму қасиеттерінің даму механизмдері ретінде саралады. Сонымен қатар рефлексияны өзіндік ұйымдастырушы мен өзіндік даму механизміне жатқызады. Б.Г.Ананьев тәрбие мен өзін ақылды тәрбиелеу жайлы сұрақ қойып, оқушылардың өзіндік жұмыс процесінде оны бақылап, рефлексияның даму проблемасын ажыратты. А.П.Огурцовтың пікірінше, рефлексия – бейнеден ауытқығанда, бұрынғы бейнеге қанағаттанбаған сезімді ұғынғанда пайда болады деп саралайды.

Соның ішінде «рефлексия» ұғымын алғаш қалыптастырып, жүйелі түрде саралап, бүгінгі ұрпаққа дәріптеген, өзінің асыл мұрасын қалдырған орыс зерттеушілерінің бірі - Владимир Александрович Лефевр. Ол бұл салада көптеген ғылыми жұмыстар жүргізіп, монографиялар жазған. Қазіргі таңда танымал еңбектерінің бірі – «Рефлексия» деп аталады. Атап айтқанда В.А.Лефевр рефлексияны ең алғаш философиядан бөліп алып, пәнаралық деңгейге шығарған.

Бұл кітап алғаш жарық көрген кезде елімізде адам санасын талқылауға қатысты барлық нәрсе идеологиялық бақылауда болды. Алайда автор

«рефлексия» терминін қолдану арқылы сана мәселесін идеологиялық шеңберден шығара алды. Осыдан кейін рефлексияны зерттеуге арналған еңбектер мен тұтас ғылыми бағыттар пайда бола бастады.

Автордың маңызды жетістігі – рефлексиялық жүйе ұғымын енгізуі болды. Бұл ретте өзінің еңбегінде келесідей тұжырым жасайды: «Рефлексия өзінің дәстүрлі философиялық-психологиялық түсінігінде – бұл өз денесіне, әрекеттеріне, ойларына қатысты «бақылаушы», «зерттеуші» позициясын қабылдау қабілеті» [1, 16 б.]. Яғни, рефлексия – адамның өзіндік санасының дамуына әсер ететін, оның жеке тұлғалық және кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды құбылыс. Сондықтан оны білім беру үдерісінде жүйелі түрде дамыту оқушылардың білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Рефлексивті дағдылар – бұл адамның өз әрекеттері мен ойларын талдау, өзін-өзі бағалау және алдағы сабақ барысында жетістіктерге жету жолдарын айқындау қабілеті. Бұл дағдылар тұлғаның жеке дамуына, жауапкершілік сезімін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпалын тигізеді. Қазақ тілі сабақтарында рефлексияны қолдану оқушылардың тілдік және танымдық қабілеттерін арттырып, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәндік білімін меңгерумен қатар, олардың жеке дамуына, өзін-өзі бағалауына және оқу үдерісіне сыни көзбен қарауына ерекше мән беріледі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілі сабақтарында рефлексивті дағдыларды қалыптастыру – білім сапасын арттырудың маңызды шарты. Рефлексия оқушыларға өз әрекеттерін саралап, жетістіктері мен кемшіліктерін түсінуге, оқу мақсаттарын нақтылауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл дағдыларды қалыптастыру барысында бірқатар қиындықтар туындайды.

Ең алдымен, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың рефлексия жасауға дайын еместігі – басты мәселелердің бірі. Көптеген оқушылар өз білімін талдауға дағдыланбаған, өйткені дәстүрлі оқыту әдістерінде мұғалімнің жетекші рөлі басым болып, оқушы тек тыңдаушы рөлінде қалып келеді. Өзін-өзі бағалау мен талдау дағдылары жеткілікті деңгейде дамымағандықтан, олар рефлексия жасауда қиналады.

Екінші мәселе – мұғалімдердің рефлексия әдістерін тиімді пайдалана алмауы. Қазақ тілі сабақтарында мұғалімдер көбінесе дәстүрлі оқыту тәсілдеріне сүйеніп, оқушылардың өзіндік талдау жасауына аз мүмкіндік береді. Рефлексияны тиімді жүргізу үшін мұғалімдер арнайы әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оларды оқу процесіне жүйелі түрде енгізуі қажет.Бұл ретте мұғалімдерге әртүрлі жағдай жасалынды. Яғни, біліктіліктерін арттырып, оқушылардың болашақта үлгілі маман болуына үлесін қосу мақсатында көптеген тренингтер немесе арнайы курстарды оқу арқылы мұғалім өзін толыққанды жетілген, меңгерген маман иесі бола алады. Сол арқылы оқушыларды да өзіне деген сенімділікке, алға жетелеуге талпынады.

Үшіншіден, уақыт тапшылығы – рефлексивті дағдыларды дамытуға кедергі келтіретін маңызды факторлардың бірі. Сабақ уақытында оқу

бағдарламасын толық қамту қажеттілігі рефлексияға жеткілікті уақыт бөлмеуге әкеледі. Бұл оқушылардың өз әрекеттеріне терең талдау жасауына мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда көбінесе сыныптан тыс уақытта қосымша сабақтар жүргізіп, оқушылардың ойларын білу қажет.

Сонымен қатар, мотивацияның төмендігі де өзекті мәселе болып табылады. Оқушылар өз білімін саралап, қателерін мойындауға әрдайым дайын бола бермейді. Кейбір жағдайда олардың білім алу үдерісіне деген

қызығушылығы төмен болуы мүмкін, бұл рефлексиялық әрекеттің нәтижелілігін азайтады.

Қазіргі таңда оқушылар ұялы телефонға тәуелді болып, онсыз өздерінің ойларын айта алмай, тіпті жаза алмай жатады. Осы негізде сабақ уақытында оқушылардың назарын мұғалім өзіне аудару үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алуы керек және де балаларға жағымды, қолайлы орта ұйымдастыра білу маңызды рөл атқарады. Сол арқылы балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Қазақ тілі сабақтарында рефлексия жасауға бағытталған жұмыстар оқушының тіл үйренуін тиімді етеді. Сабақ барысында рефлексия жасау:

- Оқушының сабақтағы белсенділігін арттырады;
- Қателіктерін талдауға және оларды түзетуге үйретеді;
- Өз ойларын еркін жеткізу дағдысын қалыптастырады.

Мысалы, сабақ соңында оқушыларға «Бүгінгі сабақтан қандай жаңа нәрсе үйрендің?», «Қандай тапсырма қиын болды? Неге?», «Өз жұмысыңды қалай бағалайсың?» деген сұрақтар қою арқылы олардың рефлексивті ойлауын дамытуға болады.

Осы ретте филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әлімов Асхат Қамзаұлының пікірін айтатын болсақ: «Тұлғаның білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру, алу жүйесінің басты мақсаты – өзіне өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдайлар жасау. Мұндай рефлексиялық қасиеттерді қалыптастырған тұлға ғана жаңа әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасауы мүмкін» деп атап көрсетеді [2, 11 б.]. Бұдан біздің түсінетініміз қазіргі заман талабына сай, тұлғаның тек білімді болуы жеткіліксіз. Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – адамның өзін-өзі терең тануы, өзінің ойлары мен әрекеттерін талдай білуі, өзіне сын көзбен қарап, жетістіктері мен кемшіліктерін бағалай алуы. Мұндай рефлексиялық дағдылар тұлғаның жеке өмірінде де, кәсіби қызметінде де өзіндік мақсаттарын айқындап, жүзеге асыруына көмектеседі.

Аталған мәселелерді шешу үшін қазақ тілі сабақтарында келесі тиімді тәсілдерді қолдану қажет:

• Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістері. Бұл оқушыларға өз жетістіктерін көруге, жіберілген қателіктерден сабақ алуға көмектеседі.

• Рефлексиялық сұрақтар мен күнделік жүргізу. «Не үйрендім? Қандай қиындықтар кездесті? Қалай жақсартуға болады?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар өз әрекеттеріне талдау жасайды.

• Оқытудың интерактивті әдістері. Дискуссиялар, шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыстар оқушылардың өз ойларын ашық айтуына және пікір алмасуына ықпал етеді.

• Қалыптастырушы бағалау әдістері. Мұғалімдер «Бағдаршам», «Екі жұлдыз, бір тілек» сияқты әдістерді қолданып, оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамытуы тиіс. Кейін алынған кері байланыстан сабағының қалай өткендігін өн бойынан өткізіп, жіберілген кемшіліктерді саралап, алдағы жоспарға түзету енгізе алады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабақтарында рефлексивті дағдыларды қалыптастыру – оқушының білім сапасын жетілдіру мен оның жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізетін маңызды үдеріс. Бұл бағытта мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, рефлексия мәдениетін қалыптастыру – басты міндеттердің бірі. Бұл ретте британдық философ және психолог Романо Гораций Харренің жазған еңбегінде рефлексияны: «Адамның өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі тануға, тұлға болуға мүмкіндік беретін құдіретті күш» деп сипаттайды [3, 28 б.]. Жалпы алғанда, қазақ тілі сабақтарында рефлексивті дағдыларды қалыптастыру – оқушылардың тілдік құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар олардың сыни ойлау қабілетін, өзіндік жауапкершілігін және өмір бойы білім алуға деген дайындығын дамытуға ықпал етеді. Осы бағытта жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізу білім сапасын арттыруға және оқушылардың жеке тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Лефевр В.А. Рефлексия. – Москва: 2003. – 488 б.

2 Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. – Астана: 2014. – 182 б.

3 Двоеглазова М.Ю. Структура личностной рефлексии студентов. Автореферат. – Москва: 2008. – С. 198.

REFERENCES:

1 Lefevr V.A. Refleksiya. – Moskva: 2003. – 488 b.

2 Әlimov A.Қ. Oқu`tudaғu` interbelsendi ədis-təsilder. – Astana: 2014. – 182 b.

3 Dvoeglazova M.Yu. Struktura lichnostnoj refleksii studentov. Avtoreferat. – Moskva: 2008. – S. 198.

Г.К. СИНБАЕВА, Д.С. ТУЛЕГЕН

ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ РЕФЛЕКСИВНЫХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева

В данной статье рассматривается значимость формирования рефлексивных навыков у учащихся на уроках казахского языка, а также

основные проблемы их развития. Рефлексия помогает учащимся развивать самостоятельное мышление, анализировать учебный процесс и оценивать личные достижения. Однако в процессе формирования рефлексии на уроках казахского языка возникают такие проблемы, как низкий уровень подготовленности учащихся, неэффективное использование методов преподавателями, нехватка времени и недостаточная мотивация. В статье предлагаются пути решения данных проблем и рассматриваются эффективные методы и приемы.

G.K. SINBAEVA, D.S. TULEGEN

ISSUES OF CREATING REFLECTIVE SKILLS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

North Kazakhstan University named after Manash Kozybayev

This article examines the importance of developing students' reflective skills in Kazakh language lessons, as well as the main challenges associated with their development. Reflection helps students develop independent thinking, analyze the learning process, and evaluate their personal achievements. However, several issues arise in the process of fostering reflection in Kazakh language lessons, such as students' low level of preparedness, ineffective use of methods by teachers, lack of time, and insufficient motivation. The article suggests ways to address these problems and explores effective methods and techniques.

******

УДК 37.013.42

Н.М. СТУКАЛЕНКО[1], А.К. КАЛЫМОВА[2], С.К. МОЛДАБЕКОВА[3], А.К. ИМАНОВ[4], Т.Н. МЕЛЬНИКОВА[5]

[1] доктор педагогических наук, профессор кафедры педагогики, психологии и возрастного развития Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, академик Академии педагогических наук Казахстана и Международной академии информатизации, г. Кокшетау;

[2] доктор PhD, заведующая кафедрой педагогики, психологии и возрастного развития Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау;

[3] доктор PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики, психологии и возрастного развития Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау;

[4]кандидат педагогических наук, профессор военно-научного центра Академии Национальной гвардии Республики Казахстан, г. Петропавловск;

[5]магистр педагогических наук, лектор кафедры педагогики, психологии и возрастного развития Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова, г. Кокшетау.

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ ПОСРЕДСТВОМ ОБЩЕСТВЕННЫХ МОЛОДЕЖНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ

